



**№ 2 (34)
2014**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (жаңа редакциясы) жобасы бойынша баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 5 маусым.....	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының конституциялық бақылауды қамтамасыз етудегі қызметінің кейбір мәселелері.....	10
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Мемлекеттік монополияның құқықтық негіздері.....	16
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік әділет неден басталады?.....	22
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы.....	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Қазақстан Республикасының банкроттық және оңалту заңнамаларының жаңалықтары.....	26
А.А. МҰҚАШЕВА, Р.Е. БҮЖІГІТОВА Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары.....	34
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА, А.М. ҚАСЫМОВА Мұрагерлік кезіндегі әмбебап құқық мирасқорлығы.....	40
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу.....	44
С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің өзектілігі: заң техникасы.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жобасын талқылау шеңберінде: жеке пікір.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасы өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын реттейтін қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру мәселелері.....	60
<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....</i>	65
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, К.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Кейбір конвенциялар, қазақстандық және американдық заңнама, БҰҰ-ның халықаралық терроризммен күрес құрылымдары.....	65
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт жобасының ерекшеліктері.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Қазақстан Республикасының қатысуымен қалыптасатын интеграциялық бірлестіктердің құқықтық аспектілері.....	80
Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.К. ЖҮСІПБЕКОВА Қазіргі кезеңдегі Кедендік одақтың кедендік-тарифтік саясатының өзекті мәселелері.....	86
<i>Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама.....</i>	92
Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді әрі қарай жетілдірудің кейбір теоретикалық аспектілері.....	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Әлеуметтік жаңғырту аясындағы еңбек заңнамасы (іргелі ғылыми-қолданбалы зерттеу материалдары бойынша).....	96
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен.....</i>	100
Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТҰРАРОВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды!.....	108
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Аударма жасауда заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелері.....	112
А.Н. КАДИРОВА Заң терминдерін аудару мәселелерін зерттеу мен тіларалық коммуникация саласындағы шығармашылық.....	116
<i>Шетелдік тәжірибе.....</i>	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Имплементация құқықтық институт ретінде.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Мемлекеттік биліктің моральдық-этикалық құрамдас бөлігі.....	125
<i>Құқық қолдану тәжірибесі.....</i>	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Сот актілерін орындау - басты міндет.....	131

Жас ғалым мінбері.....	133
Д.Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Ұлыбритания еліндегі атқарушы директорлардың асыра сыйақыларына құқықтық және корпоративтік шектеулерді қарастыру.....	133
А.М. ҚОҒАМОВ ҚР және АҚШ-тың қылмыстық процесінде әрбір адамның білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына қысқаша салыстырмалы-құқықтық талдау.....	139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Мұрагерлік құқығындағы өсиеттік бас тарту институты.....	143
С.Т. СӘРСЕМБАЕВА Қарақшылық пен бопсалаушылықтың ара-жігін ажыратудың проблемалық мәселелері.....	146
З.С. ӘШІМОВА Аукцион сауда-саттық нысаны ретінде	151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар.....	155
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері.....	159
Ақпараттық хабарламалар	164
2014 ж. 24-25 сәуірде Мәскеу қ. өткен Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы үшінші жылсайынғы форум туралы ақпараттық хабарлама.....	164
2014 ж. 21 мамырда ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама.....	166
2014 ж. 30 мамырда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалаудың өзекті мәселелері: теория және практика» атты Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	170
«Сауда және инвестицияны қорғау туралы өңірлік халықаралық шарттар» тақырыбына өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама. Минск қ., 2014 жылғы 12-13 маусым	172
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....	174
Мерейтой.....	175
З.ғ.д., профессор М.С. БЕЙБІТОВТІҢ туғанына 60 жыл.....	175
ҚР ҰҒЖА академигі, з.ғ.д., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИДІҢ 60-жылдығына орай.....	177



**№ 2 (34)
2014**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Пресс-релиз Министерства юстиции Республики Казахстан по проекту Кодекса об административных правонарушениях (новая редакция), г. Астана, 5 июня 2014 года.....	8
<i>Конституционное и административное право</i>	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Отдельные аспекты деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан по обеспечению конституционного контроля.....	10
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы государственной монополии.....	16
С.С. ШИШИМБАЕВА С чего начинается административная юстиция?.....	22
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право.....</i>	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Новеллы законодательства Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве....	26
А.А. МУКАШЕВА, Р.Е. БУЖИГИТОВА Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике».....	34
Л.С. ТУРГАНБАЕВА, А.М. КАСЫМОВА Универсальное правопреемство при наследовании.....	40
<i>Уголовное право и уголовный процесс.....</i>	44
С.М. РАХМЕТОВ Проблемы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан: юридическая техника.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ В рамках обсуждения проекта Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан до 2025 года: собственные рассуждения.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Правовое знание всегда дает результат.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ К вопросу совершенствования норм уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан, регламентирующих Институт пожизненного лишения свободы.....	60
Международное право и сравнительное правоведение.....	65
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Some Conventions, Kazakh criminal legislation, UN structures in fight with international terrorism (Некоторые конвенции, казахстанское и американское законодательство, структуры ООН в борьбе с международным терроризмом).....	65
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Особенности Проекта Договора об учреждении Евразийского экономического союза.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовые аспекты интеграционных процессов с участием Республики Казахстан.....	80
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Актуальные проблемы таможенно-тарифной политики Таможенного союза на современном этапе.....	86
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА.....	92
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан.....	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Трудовое законодательство в свете социальной модернизации (по материалам фундаментального научно-прикладного исследования).....	96
Из практики законотворчества на государственном языке.....	100
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТУРАРОВА Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ Не стоит откладывать принятие закона о государственном языке!.....	108
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Вопросы словообразования и морфологических особенностей языка закона при переводе.....	112
А.Н. КАДИРОВА Изучение вопросов перевода юридических терминов и творческий подход к сфере межъязыковой коммуникации.....	116
Зарубежный опыт.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Имплементация как правовой институт.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Морально-этическая составляющая государственной власти.....	125
Правоприменительная практика.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Исполнение судебных актов – главная обязанность.....	131

Трибуна молодого ученого..... 133

Д.Ш. ХУДАЙБЕРГЕНОВА Examination of the Legal and Governance Restraints on Excessive Executive Directors' Remuneration in the Great Britain (Рассмотрение правовых и корпоративных ограничений на чрезмерные вознаграждения исполнительных директоров в Великобритании)..... 133

А.М. КОГАМОВ Краткий сравнительно-правовой анализ конституционного права каждого на получение квалифицированной юридической помощи в уголовном процессе Республики Казахстан и США..... 139

Ж.М. ЛЕПЕСОВА Институт завещательного отказа в наследственном праве..... 143

С.Т. САРСЕМБАЕВА Problematic issues of delimitation of robbery and extortion (Проблемные вопросы разграничения разбоя и вымогательства)..... 146

З.С. АШИМОВА Аукцион как форма торгов..... 151

Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Правовые последствия при усыновлении (удочерении)..... 155

Д.Ш. ТОКЕЕВ Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации..... 159

Информационные сообщения 164

Информационное сообщение о Третьем ежегодном Евразийском антикоррупционном форуме в г. Москве, 24-25 апреля 2014 г. 165

Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам проведения научной лингвистической экспертизы, 21 мая 2014 г. 168

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы реформирования законодательства Республики Казахстан: теория и практика», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 30 мая 2014 г. 171

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Региональные международные договоры о торговле и защите инвестиций» в г. Минске, 12-13 июня 2014 года 173

Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова..... 174

Юбилей..... 175

Д.ю.н., профессору БЕЙБИТОВУ М.С. - 60 лет..... 175

К 60-летию академика НАЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИ..... 177



Мұқанова Анар Абайханқызы,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
экологиялық және кәсіпкерлік құқық
кафедрасының меңгерушісі,
заң ғылымдарының докторы, профессор



Роза Егеиқызы Бүжігітова,
ҚР Заң шығару институты
Құқықтық мониторинг орталығының
талдау және құқықтық мониторинг
секторының жетекші ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАМА АЯСЫНДА ШАҒЫН СУ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамада Қазақстанның электр энергетикасын дамытудың және экологиялық проблемаларын шешудің басым бағыттарының бірі – жаңартылатын энергетика ресурстарын пайдалануға және энергия және ресурсты жинақтау бағдарламаларын іске асыруға ерекше назар аударылуда. Сонымен, мұнда былай деп аталып өткен, яғни «жасыл» технологиялардың бәсекеге қабілеттілігі жылдам өсуде және баламалы энергетиканың көптеген технологиялары таяудағы болашақта дәстүрлі көздермен салыстырғанда электр энергиясы өндірісінің неғұрлым шығынсыз тәсілдерін ұсынады. Бүгінгі күннің өзінде мемлекеттік саясат саласында өзгерістердің жоғары қарқыны белгіленген. Стратегия-2050 амбициялы мақсаттар қояды: электр энергетикасында: баламалы және жаңартылатын электрэнергиясының үлесі 2050 жылға қарай 50 пайызға жетуге тиіс; энергия тиімділігінде 2008 жылғы бастапқы деңгеймен салыстырғанда, 2015 жылға қарай ЖІӨ-нің энергияны қажетсінуін 10 пайызға және 2020 жылға қарай 25 пайызға азайту жөніндегі міндет тұр [1]. Қазақстанда жаңартылатын энергетика ресурстарының әлеуеті (су энергиясы, жел және күн энергиясы) аса маңызды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстанда баламалы энергияны шығару проценті жалпы саннан 0,4% ғана құрайды.

Мұндай жағдайда, бірінші кезекте шағын

су энергетикасы объектілерін дамыту қажеттігі орын алатындығы сөзсіз, бұл мынадай факторларға байланысты.

Біріншіден, Қазақстанның табиғи жағдайы шағын су энергетикасын еш ауыртпалықсыз дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, Елдің оңтүстік облыстарының тау өзендерінде су энергиясы ресурстарының шамамен 65%-ы шоғырланған. Алынған зерттеулерге сәйкес Қазақстан Республикасының жалпы су әлеуеті жылына 170 млрд. кВт.сағ., техникалық тұрғыдан іске асыру мүмкіндігін - 62 млрд. кВт.сағ, оның ішіндегі шағын ГЭС әлеуеті шамамен 8,0 млрд. кВт.сағ. бағалауға болады [2]. ҚР-да шағын су энергетикасының да айтарлықтай әлеуеті бар. Республикада ұзақтығы 10 км-ден асатын 2174 өзен бар, олардың жалпы ұзақтығы 83.2 мың км-ден асады. Ұзақтығы 10-нан 50 км-ге дейін жететін өзендердің саны 1889 (86.9%) құрайды, 50-ден 100 км-ге дейін – 130 (6%), 100 км-ден астам – 155 (7.1%). Осылайша, шағындардың санатына 90%-ға жуығы жатады, бұл оларды шағын су энергетикасы қажеттіліктері үшін пайдаланудың экономикалық тұрғыдан орындылығын айқындайды. [3, 17 б.].

Екіншіден, шағын су энергетикасы объектілерінің жұмыс істеуі экономикалық жағынан тиімді болып табылады, өйткені шағын ГЭС және шағын бөгетсіз ГЭС электр энергиясын өндірудің төмен өзіндік құны бар... ГЭС каскадын салу құрылыстың толық көлемде аяқталуын күтпей, қуаттарды кезең-

кезеңмен іске қосуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бірінші агрегаттардың іске қосылуы мен электр энергиясын алуды жеделдетеді, сондай-ақ қор қайтарымы мен қаржы салымдарының тиімділігін арттырады [2].

Үшіншіден, шағын ГЭС және шағын бөгетсіз ГЭС басқа энергия көздерімен салыстырғанда қоршаған ортаға ең аз ауырпалық түсіреді [2]. Осылайша, ГЭС пайдалану кезінде CO₂ қысқаруының орын алатыны байқалады. Екінші маңызды аспект, энергияны өндіруден басқа, ГЭС су тасқындарының алдын алу үшін пайдалануы мүмкін [4]. Бұдан басқа, бұл жерде қалдықтарды кәдеге жарату проблемасы жоқ. Ал ГЭС-тың қарқынды дамуы уақыт өте келе жылу электр станцияларының қуаттылығын азайтуға және атмосфераға шығарындылардың деңгейін төмендетуге, сондай-ақ болашақ ұрпағымыз үшін көмірсутекті отынның қорын сақтауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, шағын ГЭС жобаларының инвестициялық тартымдылығы бар. Атап айтқанда, Қазақстанда шағын ГЭС үшін, оның ішінде Қазақстандағы балама энергияны дамытуға инвестициялар салуды жоспарлайтын шетелдік инвесторлар үшін қолданылуы жоспарланатын тарифтер аса тиімді болып табылады [4].

Бесіншіден, шағын ГЭС әлеуеті елдің шалғай өңірлерін, энергия пайдаланудың тығыздығы төмен өңірлерді дамыту үшін қолданылуы мүмкін. Қазақстанда электр тарату желілерін тарту өте тиімсіз болатын бірқатар шалғай өңірлердің бар екені барлығымызға мәлім, өйткені бұл энергияны тасымалдау кезінде елеулі шығынға әкеп соғады, әртүрлі бағалаулар бойынша олар 10-14%-ды [5].

Алтыншыдан, шағын су энергетикасы объектілерінің құрылысы жергілікті халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамтылуына ықпал етеді.

Жетіншіден, осы саланың қарқынды түрде дамуы мемлекетіміздің халықаралық қатынастардағы беделін арттырады, өйткені Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық келісімдерді орындау бойынша міндеттемелерінің іске асырылуына ықпал ететін болады.

Көрсетілген факторлар мемлекеттің шағын су энергетикасын дамытудағы қызығушылығын арттырды (Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында белгіленген қуаттылығы кемінде 100 МВт шағын ГЭС құрылысының жобаларын әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастыру күтілуде [2]), алайда, бұл ретте аталған бағыттың

құқықтық қамтамасыз етілуі жеткілікті түрде сәйкес емес болып отыр. Су кодексі, Экологиялық кодекс, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы сияқты негізге алынатын нормативтік құқықтық актілерде шағын су энергетикасы объектілері туралы іс жүзінде ештеңе айтылмаған.

Осылайша, 2003 жылғы 9 шілдедегі ҚР Су кодексінің 104-бабында су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын су энергетикасы үшін пайдаланудың жалпы қағидалары белгіленген. Онда су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын су энергетикасы үшін пайдалану уәкілетті органмен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен, ал сел қаупі бар аудандарда - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша экономиканың басқа салаларының мүдделерін, суларды кешенді пайдалану және оларды қорғау талаптарының сақталуын ескере отырып, арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады деп бекітілген.

Сонымен қатар су объектілеріндегі су энергетикасы және су техникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдар үшін міндеттер белгіленген. Олар мыналарды:

1) ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау басымдығын сақтай отырып, су қоймаларын толтырудың және босатудың белгіленген режимін;

2) өзендердің жайылмалары мен атырауларында балық ресурстарын сақтау және ұдайы молайту үшін шешуші маңызы бар өзендер мен су қоймаларының учаскелеріндегі балық шаруашылығының қажеттілігін;

3) кемелер мен салдардың кедергісіз өтікізілуін;

4) белгіленген табиғат қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық және авариялық су жіберулерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Егер су қоймаларын толтыру және босату нәтижесінде туындаған су объектілері табиғи деңгейінің өзгеруі салдарынан жеке және (немесе) заңды тұлғаларға зиян келтірілсе, кінәлілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны өтеуге міндетті.

2007 жылғы 9 қаңтардағы ҚР Экологиялық кодексінің «Атом, жылу және су электр станцияларын орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар» атты 205-бабында электр энергетика объектілеріне қойылатын экологиялық талаптарды бекітетін нормалар қамтылған. Осылайша 3-тармақта су электр станцияларын орналастыру, жобалау және салу

кезінде тиісті өңірлердің электр энергиясына нақты қажеттігі, аумақтың сейсмикалығы мен объектіні орналастыруға арналған жердің рельефі, жалпы алғанда қоршаған ортадағы елеулі түрдегі теріс өзгерістерді болғызбауды қамтамасыз ететін ормандар мен жерлерді сақтау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын тиімді қорғау жөніндегі шаралар толық ескерілуге тиіс деп белгіленген.

Жобалану және салыну үстіндегі электр станциялары үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін сақтау оларды пайдалануға қабылдау кезіне қарай қамтамасыз етілуге тиіс.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында да су энергетикасы объектілерін саралау жоқ. Заңның 1-бабы 1-тармағының бұрынғы редакциясында шағын су энергетикасы объектілері жаңартылатын энергия көздеріне жататын еді: «жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, қуаты отыз бес мегаваттқа дейінгі қондырғылар үшін судың гидродинамикалық энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын». Қазіргі редакциясында «қуаты отыз бес мегаваттқа дейінгі қондырғылар үшін» деген сөздер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдегі Қазақстан Республикасының Заңымен алып тасталды.

Аталған заңда шағын су энергетикасы объектілерін реттеу жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға байланысты қатынастарды жалпы реттеу шеңберінде жүзеге асырылады.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеу» атты 2-тарауда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен нысандары бекітілген: экономиканың энергияны қажетсінуі мен электр және жылу энергиясын өндіру секторының қоршаған ортаға әсерін азайту және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру кезінде жаңартылатын энергия көздерін

пайдалану үлесін ұлғайту үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясы өндірісіне қолайлы жағдай жасау.

Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеу мыналарды:

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын бекітуді және іске асыруды;

- тіркелген тарифтерді белгілеуді;

- атаулы көмек ұсынуды;

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласында қазақстандық кадрларды даярлау мен оқытуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге жағдайлар жасауды;

- техникалық реттеуді;

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды қамтиды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік реттеу мына негізгі:

- 1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді салу және оларды пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- 2) жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр және (немесе) отын энергиясын шығаруды ынталандыру;

- 3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді жобалауды, салуды және пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес преференциялар беру;

- 4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін бірыңғай электр энергетикасына, жылу жүйесіне, электр және жылу энергиясының нарығына тиімді ықпалдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- 5) Қазақстан Республикасының парник газдары шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындауға жәрдемдесу бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Аталған тарауда сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің, уәкілетті органның – Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау

саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті бекітілген.

«Жаңартылатын энергия көздерін

пайдалануды қолдау» деген 3-тарауда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында қолдау көзделген жаңартылатын энергия көздерінің әрбір түрі үшін он бес жыл қолданылатын мерзіммен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тіркелген тарифтердің бекітілу ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен мұнда қатар Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр және (немесе) жылу энергиясын сату кезіндегі, Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін энергия беруші ұйымның электр немесе жылу желілеріне қосу, электр және (немесе) жылу энергиясын беру кезіндегі мемлекеттік қолдау бекітілген.

«Қорытынды ережелер» деген 4-тарауда Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық белгіленген. 11-бап сілтемелі болып табылады және Қазақстан Республикасының осы саладағы қолданыстағы заңнамасына жүгінуді талап етеді.

Осылайша, шағын су энергетикасы туралы ақпаратты анағұрлым толық көрсететін болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама қала береді, онда шағын су электр станциялары (СЭС) ұғымы беріледі, ең болмағанда бұл қуаты кемінде 35 мВт құрайтын шағын су электр станциялары екендігі айтылған [2]. Сонымен қатар аталған нормативтік құқықтық актіде Қазақстанда шағын СЭС дамыту болашағы ашып көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қазандағы № 43 қаулысымен

Қазақстанда баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілгендігін атап өтуге болады. Алайда жоспардың өзі нормативтік құжат болып табылмайды.

Сонымен, қарастырылып отырған проблема аспектісінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қысқаша талдау, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты бағыттарының бірі – шағын су энергетикасы объектілерін дамытуда, яғни құқықтық қамтамасыз етілуде ақаулар барлығын көрсетіп отыр.

Аталған проблеманы шешуді біз мыналардан көріп отырмыз:

- «шағын су электр станциясы» ұғымын заңнамалық бекіту қажет: бұл қуаты кемінде 35 мВт құрайтын шағын су электр станциясы;

- шағын су энергетикасы объектілерін қарқынды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған объектілерді құрудың оңайлатылған режимін белгілеу қажет;

- ҚР Су кодексінде, ҚР Экологиялық кодексінде, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі ҚР Заңында, «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңында шағын су энергетикасы объектілерінің ерекшеліктері туралы нормалар көрініс табуы тиіс;

- «Қазақстан Республикасындағы су энергетикасы туралы» ҚР Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шағын су энергетикасын дамыту тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеп, қабылдау қажеттігі бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» 2013 жылғы 30 мамырдағы Жарлығы / ПАРАГРАФ ақпараттық жүйесі.

2. Қазақстан Республикасында электр энергетикасын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1129 қаулысымен бекітілген/ ПАРАГРАФ ақпараттық жүйесі.

3. Современное состояние и перспективы развития малой гидроэнергетики в странах СНГ. – Алматы, 2011.

4. Развитие малых ГЭС – будущее энергетики /<http://www.kursiv.kz>

5. Анализ возможностей для деятельности РЭЦА в области изменения климата и энергоэффективности в Центральной Азии / Региональный экологический центр Центральной Азии. – 2009. – С. 17-30.



Мақалада Қазақстан Республикасында кіші су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары қарастырылған. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» өтуі туралы Тұжырымдамасының басты мақсаттарының бірі жаңартылатын энергетикалық ресурстарды пайдалануды дамыту мен энергия, ресурстарды үнемдеу бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады. Кіші су энергетикасын дамыту, ең алдымен, бірнеше фактормен айқындалады. Оған үнемшілдікті, аз шығындылықты, әлеуметтік мәселелердің шешілуін (жұмыспен қамту, азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту), тиісті табиғи жағдайлардың болуы және т.б. жатқызылады.

Дегенмен, Қазақстан Республикасының кіші су энергетикасын дамытуды құқықтық реттеуге жасалған талдау нәтижесінде заңнамада кемшіліктің бары анықталды. Бұл мәселені шешу үшін мақала авторлары заңнамадағы кемшілікті жоюға бағытталған кешенді іс-шараны әзірлеу мен қабылдау қажеттігін ұсынады.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, «жасыл экономика», кіші су энергетикасы, кіші су электрлік станциясы, жаңартылатын энергия көздері.

В данной статье рассмотрены проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в Республике Казахстан. В Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике» одной из задач является развитие использования возобновляемых энергетических ресурсов и реализация программ энерго- и ресурсосбережения. Развитие, в первую очередь, объектов малой гидроэнергетики, обусловлено рядом факторов. К ним можно отнести экономичность, малозатратность, решение социальных проблем (занятости, улучшения социально-бытовых условий граждан), наличие соответствующих природных условий и т.д.

Однако анализ правового регулирования развития малой гидроэнергетики в Республике Казахстан показал наличие пробелов в законодательстве. Для решения данной проблемы авторами статьи предлагаются разработка и принятие комплекса мер, направленных на устранение пробелов в законодательстве.

Ключевые слова: Республика Казахстан, «зеленая экономика», малая гидроэнергетика, малая гидроэлектростанция, возобновляемые источники энергии.

This article describes the problem of legal support of small hydropower in the Republic of Kazakhstan. The Concept of transition of the Republic of Kazakhstan to the «green economy» one of the tasks is the development of renewable energy resources and implementing programs of energy and resources.

Development, first of all, objects of small hydropower facilities, is caused by a row a factor. These include efficiency, small expenses, solving social problems (employment, improvement of social conditions of citizens), availability of appropriate the natural conditions, etc.

However the analysis of legal regulation of development of small hydropower in the Republic of Kazakhstan showed existence of gaps in the legislation. For the solution of this problem, the author of article offers development and acceptance of the package of measures, directed on elimination the gaps in the legislation.

Keywords: the Republic of Kazakhstan, «green economy», small hydropower, small hydroelectric power station, renewable energy.

Анар Абайханқызы Мұқашева,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экологиялық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор

Роза Егешқызы Бүжігітова,

ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығының талдау және құқықтық мониторинг секторының жетекші ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары

Мукашева Анар Абайхановна,

заведующая кафедрой экологического и предпринимательского права Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, д.ю.н., профессор

Бужигитова Роза Егешевна,

ведущий научный сотрудник сектора анализа и правового мониторинга Центра правового мониторинга Института законодательства РК

Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике»

Mukasheva Anar Abaykhanovna,

the manager of chair of the ecological and enterprise right of the Euroasian national university of L.N. Gumilev, d.j.s., professor

Buzhigitova Roza Egeshevnna,

leading research fellow sectors of the Center of legal monitoring Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan

Problems of legal support of small hydropower in the light of the Concept on transition of the Republic of Kazakhstan to «green economy»

